

І ТУЫ

ІТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

прель Жұма

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

р топ редакторларының I жолдастың жауабы

СҰРАҚ: Сіз кәзіргі кезеңді Германияны біріктіру үшін қолайлы деп есептейсіз бе?

ЖАУАП: И, есептеймін.

СҰРАҚ: Капитализм мен коммунизмнің қандай негізде атарласып өмір сүруі мүмкін?

ЖАУАП: Ынтымақтасып іс істеуге екі жақтың бірдей ын асы болса, алынған міндеттемелерді орындауға әзір тұра- ын болса, теңдестік және басқа мемлекеттердің ішкі істері- о араласпау принципі сақталатын болса, капитализм мен коммунизмнің бейбітшілікпен қатарласып өмір сүруі әбден мүмкін.

ргия комбинаты

жолдасқа

ұйымдастырушысы КАРПОВ жолдасқа

ИСТЕХИН жолдасқа

омол ұйымдастырушысы

РЕЗНИКОВ жолдасқа

мысшы табының бірінші қатарында келеді, партия мен үкметтің халық шаруашылығын металмен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын аброймен орындап келді және аброймен орындауда.

Сіздердің жолдастар, өз жұмыстарыңызда жаңа табыс- қанды жетістіктеріңізге үшін жүректен тілектестігімді білдіремін.

Ынтымақтасып іс істеуге екі жақтың бірдей ын- тасы болса, алынған міндеттемелерді орындауға әзір тұратын болса, теңдестік және басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принципі сақталатын болса, капитализм мен коммунизмнің бейбітшілікпен қатарла- сып өмір сүруі әбден мүмкін.

И. СТАЛИН.

Сталиндік қамқорлықтың жаңа сипаттамасы

☆

☆☆

☆

ЖАҢА ӨРЛЕУ

Микоян атындағы ет комбинатының жұмысшылары мен қызметкерлері, инже- нерлері мен техниктері СССР Министр- лер Советі мен ВЕ(б)Ш Орталық Комите- тінің «Азық-түлік товарларының бөлшек сауда бағаларын жаңадан кеміту тура- лы» қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Комбинатта 700-ден астам адам қатысқан митинг саяси зор өрлеу үстін- де өткізілді. Бірінші болып комбинаттың ара механигі Гришин жолдас сөз сөйле- ді.

—Біздің елімізде, —деді ол, —еңбек- шілердің әл-ауқат және мәдени дәрежесі жылма-жыл жақсарып келеді. Соғыстан кейінгі жылдардың ішінде өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасы бірнеше рет арзандатылды. Біз бұдан көп пайда көріп отырмыз. Мұның өзі совет үкметі мен большевиктер партия- сының, кеменгер көсеміміз Сталин жол- дастың тікелей өзінің әкелік қамқорлы- ғы болып табылады. Бәріміз де бір кісі- дей-стахановша еңбек етіп, қаулыға іс- пен жауап берейік, сөйтіп, социалистік Отанымыздың күш-қуатын арттыра беру ісіне келелі үлес қосайық.

Мұнан кейін комбинаттың таңдаулы стахановшысы Ярославцев жолдас шы- ғып сөйледі.

Ал, біздің елімізді алатын болсақ, мұнда барлық игілік, барлық қаражат еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін артты- руға, бүкіл дүние жүзі халықтары ара- сында достық және бейбітшілік ісін ны- ғайтуға, жаңа соғыс апатын болдырмау ға жұмсалады. Совет Одағы бастаған бейбітшілік лагерінің күші барған сайын нығайып, мызғымас күшке айналуда. Ол империалистердің жаңа соғыс өртің тұтандыру жолындағы әрекетінің қай- қайсысын болса да жүзеге асыртпайды. Өйткені, бейбітшілік және демократия лагерін біздің кеменгер көсеміміз Сталин жолдас бастап отыр.

Үкметіміз бен партиямыздың азық-тү- лік товарларының бөлшек сауда бағала- рын жаңадан кеміту жөніндегі қаулысы- на мен сменалық тапсырмалды екі-үш есе артық орындаумен жауап беремін.

Митингіде май сылу цехының басты- ғы Носова, шұжық цехының бастығы Гризов және басқа бірнеше жұмысшылар шығып сөйлеп, бағаның жаңадан кеміті- луі еңбекшілердің әл-ауқат дәрежесін жақсартуға бағытталған сталиндік қамқор- лықтың тағы бір айқын көрінісі еке- нін айтты.

Комбинаттың жұмысшылары митингте

Жас ұрпақтың келешегі үшін

Өткен соғыс еліміздің халық ша- руашылығына зор зиянын тигізді. Соғыс- тан зиян-шеккен халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін көп қаражаттың керек болуына қарамастан партиямыз бен үкметіміз, көсеміміз және қамқоршы мыз Сталин жолдас совет халқының әл- ауқат күйін жақсартуға, олардың ауқат- ты және мәдениетті өмір сүруіне үздіксіз жағдай туғызып отыр. Соғыстан кейінгі өткен аз уақыттың ішінде азық-түлік товарлардың бөлшек сауда бағасының быйыл бесінші рет кемітілуінің өзі еңбек шілерге деген сталиндік қамқорлықтың жаңа бір айқын сипаттамасы болып та- былады.

Ағылшын-американ империалистері қа- рапайым халықтың тұрмысын ауырлату есебінен жанұшыра соғысқа дайындалып жатқанда, оларда жұмыссыздық, аштық пен жалаңаштық етек алып отырғанда, біздің елімізде еңбекшілердің тұрмысы жылдан-жылға қуанышты және қызық- ты болып келеді.

Сталин жолдас бастап отырған ел- де, бейбітшілік елінде өмір сүріп, еңбек етіп отырғаным үшін өзімді бақытты- мын деп мақтаншыпен айтамын. Партия мыз бен үкметіміздің бұл қамқорлығына

Су шаруашылығының маңызы кәзір, табиғатты өзгертудің сталиндік программасын жүзеге асырудың шешуші кезеңінде бұрынғыдан да артып отыр. Себебі — біздің республикамыздың жағдайында ауыл шаруашылығындағы күрделі міндеттерді ойдағыдай орындау, яғни дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру, қоғамдық малды өркендету, одан алынатын өнім мөлшерін мөлділету көбінесе су қорларын тиімді пайдалануға байланысты.

Су шаруашылығына осы тұрғыдан маңыз бере отырып, Қазақстан большевиктерінің V съезі, партия, совет және ауылшаруашылық орындарының алдына жер суландырудың жаңа жүйесіне көшуді тездетуді, су қорларын толық пайдалануды, суармалы егіндік жердің көлемін кеңейтуді, шабындықтарды жайып суаруды кең өрістетуді қамтамасыз ету міндетін қойды. Бұл міндетті бұлжытпай орындау мақсатымен Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті «1952 жылы республикамыздың су шаруашылығын одан әрі өркендету шаралары туралы» қаулы алып, республика партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының су шаруашылығын өркендету жөніндегі нақтылы міндеттерін белгілеп бергендігі мәлім.

Облысымыздың бірқатар алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары бұл қаулыда көрсетілген міндеттерді орындауға зор ұйымшылдықпен кірісті. Біздің облыста су қорының негізгі бір көзі — егістік жерге және шабындықтарға қар суын бөгеу болса, бұл жұмыс

«Путь Ильича» колхоздарында мықтап қолға алынған. Бұларда қар суын бөгеу шараларын жүзеге асыруға таңдаулы колхозшылар бөлінген және бұл жұмыста жүрген адамдардың әрқайсысына күндіз, бескүндік тапсырмалар тағайындалған. Мұнымен бірге, қар-су бөгетін жасаушылар жұмысты өнімді және сапалы істеу жөнінде бір-бірімен өзара социалистік жарысқа түсіп, ұлғайтылған міндеттемелер алған. Кәзір колхозшылардың барлығы дерлік өздерінің көтеріңкі міндеттемелерін орындау жолында жан-аймай еңбек етіп, жоғары көрсеткіштерге жетіп жүр. Осының нәтижесінде бұл колхозда жүздеген гектар егістік алаң мен шабындықтарға қар суын тоқтататын бөгеттер жасалды. Бұл бөгеттер негізінен қардың өзінен жасалған. Олар ұзақ уақытқа, яғни егістік жер әбден жібіп, қар суын бойына сіңіру дәрежесіне жеткенге дейін ерімейтін етілген.

Сол сияқты, қар суын бөгеу жөнінде Преснов ауданындағы Сталин атындағы колхозда және Чистов астық совхозында едәуір жұмыстар жүргізілді. Бұларда қар суын бөгеуге қолда бар күш-мүмкіншілік түгел жұмылдырылуы нәтижесінде жүздеген гектар жерге қар суын бөгеудің шаралары жүргізілді.

Бірақ, облысты тұтас алғанда жергілікті су қорын ауыл шаруашылығының игілігіне пайдаланудың, әсіресе, қар суын бөгеуге әзірліктің жайы мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Бұл аса маңызды шараны жүзеге асыру жөнінде біздің облысымыздың бүкіл республика бойынша ең артта қалған облыс болып отырғандығын мойындауымыз керек.

жерлерді, мал жайлымдары мен шабындықтарды жайып суаруға көп мүмкіншілік беретін қар және мұз бөгеттерін жасау жұмысын ұйымдастырудан тыс қалып отыр.

Су қорларын ауыл шаруашылығын өркендетуге толық пайдалану — бүгін таңдағы ең күрделі міндеттердің бірі. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындары, колхоз, совхоз басшылары өзен бойынан бөгет салуға, қар суын бөгеуге әзірлік және оны бөгеу жұмыстарының барлық жағынан тыңғылықты жүргізілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл міндетті жүзеге асыру үшін әрбір колхоз бен совхозда қар суын бөгеудің күндіз, бескүндік графигін жасап, оның орындалуын күнбе-күн тексеріп отыру қажет. Осы арқылы қар суын бөгеу жөніндегі жоспардың әрбір аудан, колхоз бен совхоз бойынша орындалуына жетісу керек. Өйткені, бұл шараның мінсіз жүзеге асуы егіннің барлық көлемінен мол өнім алу және мал азығының берік қорын жасау міндетін ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді.

Осымен қабат, жергілікті партия, совет ұйымдары қар суын бөгеуде жүрген еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстары мен социалистік жарысты өрістетіп жүргізіп, олардың өнімді еңбек етуін қамтамасыз етулері керек.

Қар суын бөгеуді ұйымдастыру — жезек куттірмейтін, аса маңызды жұмыс.

Социалистік жарысты көбінен өрістетіп отырып, егістік жерлер мен шабындықтарға қар суын бөгеу жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастырайық, сөйтіп, су қорын ауыл шаруашылығының игілігіне тиімді пайдалануға жетісейік!

Азық-түлік товарларының бағасын жаңадан кеміту туралы қаулыны радио арқылы біз МТС-те, көктемгі егіске қызу әзірлік жүргізу үстінде тыңдадық. Бұл хабар бүкіл еліміздің еңбекшілері сияқты, бізді де зор қуанышқа бөледі.

Азық-түлік товарлары бағаларының быйылғы жылы бесінші рет кемітілуі социалистік қоғам құрылысының капиталистік қоғам құрылысынан анағұрлым артық екенін, біздің қоғамның өмір сүруге анағұрлым бейім екенін тағы да айқын дәлелдейді. Бағаның жаңадан кемітілуі — совет халқының бейбіт еңбегінің игі нәтижесі. Біздің елімізде еңбек бәрінен де жоғары, бәрінен де бағалы. Адам дарымызды ер, батыр атандыратын, оларға аброй әперетін, құрмет-қошеметке бөлейтін де еңбек. Жылма-жыл қажырай

еңбек етіп, колхоз, совсымызды ү Бізде ең еңбек етіп, байыншысы орағында т байындарыме бастырдым мерзімінде кәзір өз к нау маусы нам — үстім пардан ты тыру. Мен беремін.

Петропавл комбайн



Петропавл электр станциясының жұмысшыла бағаларын кеміту туралы партия мен үкмет қалады.

СУРЕТТЕ: стахановшылар бригадасының бри түскі үзіліс кезінде ССР Одағы Министрлер Советінің «Азық-түлік товарларының мемлекеттік бө кеміту туралы» қаулысын оқып отырған кезі.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің төртінші сессиясын шақыру туралы

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Совет атқару комитеті еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің төртінші сессиясы (үшінші шақырылуы) 1952 жылғы 12 апрельде,

сенбі күні күндізгі сағат 12-де шақырылатындығын Солтүстік Қазақстан облыстық Советі депутаттарының есіне салады.

Еңбекшілер депутаттары Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің атқару комитеті.

Сессияның мәжілісі Петропавл қаласында облыстық Совет атқару комитетінің мәжіліс залында (Ленин көшесі, 29-үй) өткізіледі.

алық Комитетінде

ырында оқу жылын
тену туралы

және партия
ың қорытынды-
алы мәселелер
кеңестер өткізіл-

дейін партия
жылын аяқтауға
інде бастауыш
жыйналыстары,
университеттер-
ң, үйірмелердің
тыңдаушыла-
ткізілсін;

ырында партия
шығару және
ы өту ісінде
білімдерін баян-
зақстан К(б)П
ық, қалалық,
еттеріне, баста-
1952 жылғы
ай шараларды

шкі универси-
е БК(б)П тари-
те диалектика-
изм мен саяси
н өткізілсін;
қ кешкі пар-
тарихы, дүние
не саяси кар-
кізілсін, социа-
ның экономи-
үшін), социа-
ның экономи-
үшін) мәселе-
жұмысының мә-
ды сабақтар
де емтихандар
үстеміздегі оқу
тар бойынша

кешкі университеттің, аудандық партия
мектебінің директоры және жеке пәндер-
дің мұғалімдері; комиссияның құрамы
ҚК(б)П қалалық немесе аудандық коми-
тетінің бюросында бекітілсін;

Диалектикалық және тарихи матери-
ализмді, саяси экономияны, БК(б)П тари-
хын (негізгі және жоғарғы типті), В. И.
Лениннің және И. В. Сталиннің өмір-
баяндарын оқып үйренетін үйірмелерде,
бірінші және екінші жылғы саяси мек-
тептерде үстеміздегі оқу жылында оқыл-
ған программалық материалдар бойынша
қорытынды сабақтар өткізілсін; маркс-
тік-лениндік теорияны өздігінен оқушы-
лар үшін консультанттардың және бас-
шы партия қызметкерлерінің күшімен
олардың оқыған марксизм-ленинизм
классиктері шығармаларының негізгі
мәселелері бойынша теориялық әңгімелер
өткізілсін;

Жалпы білім мектептерінде және мә-
дениет жорықшыларына бекітілген топ-
тарда көшіру және бітіру емтихандары
өткізілсін.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті
облыстық, қалалық және аудандық пар-
тия комитеттерін комсомолдың саяси
оқуы орындарында оқу жылын аяқтауға
әзірленуде және қорытынды сабақтарды
өткізуде комсомол ұйымдарына көмек
көрсетуге, комсомолдың саяси үйірмеле-
рінің насихатшылары арасында жұмыс-
ты жақсартуға, жастар арасында лек-
циялық насихаттың күшейтілуіне және
комсомолецтер мен жастардың саяси
оқуының сапасын арттыруға ерекше кө-
ңіл бөлуге міндеттендірді:

Облыстық, қалалық, аудандық партия
комитеттеріне және бастауыш партия
ұйымдарына партия оқуы мен комсомол-

Су қорларын ауыл шаруашылығы
игілігіне пайдаланайық!

Су қоры тиімді пайдаланылсын

Приешім ауданының Буденный атын-
дағы, Калинин атындағы және «1 Май»
колхоздары егістік жерлер мен шабын-
дықтарға қар суын тоқтататын бөгеттер
сала бастады. Бұл колхоздарда бөгеттер
жасауға трактор қар жыртықшытары бе-
лінген. Мұның өзі қар суын бөгеудің
шараларын ойдағыдай жүзеге асыруға
мүмкіндік беріп отыр.

Буденный атындағы және «1 Май»
колхоздарында трактор қар жыртықшы
мен алғашқы бескүндіктің өзінде жүзде-
ген гектар егістік жерлер мен шабын-
дықтарда көктемгі қар суын бөгейтін
шаралар жүргізілді. Буденный атындағы
колхозда 200 гектар, Калинин атындағы
колхозда 130 гектар егістік алаңға қар
суын тоқтататын бөгеттер жасалды.
«1 Май» колхозында да осы көлемде
егістік жерге қар және мұз бөгеттері
салынды. Аталған колхоздарда қар суын
бөгеуге әзірлік жұмыстары барған сайын
қыза түсуде.

Бірақ, ауданды тұтас алғанда көктем-
гі қар суын бөгеуге әзірліктің жайы
өте нашар болып отыр. Бұл жұмысқа
ауданның көптеген МТС-тері мен кол-
хоздары әлі күнге дейін кіріскен жоқ.
Әсіның салдарынан мұнда қар суын
бөгеу жөніндегі жұмыстардың күндік
кәне бескүндік графигі ұдайы орындал-
май келеді. Егістік жерлер мен шабын-
дықтарға су тоқтататын бөгеттер жасау
ісінің мұншалықты баяу жүргізілуінің
негізгі себебі — аудан, МТС және колхоз,
совхоз басшылары жұмыстың бұл учас-
тіне нашар басшылық жасап отыр.
Айта кету керек, аудан шаруашылықта-

рының қай-қайсысында болсын қар
суын бөгеудің шараларын мінсіз жүзеге
асыруға күш-мүмкіншілік толық жетеді.
Бірақ, аудан басшылары қолда бар мұн-
дай күш- мүмкіндікті іске толық қосу-
дың нақтылы шараларын белгілемей
отыр.

Егістік жерлерге қар суын тоқтата-
тын бөгеттер салуға Тимирязев атында-
ғы МТС-тің (директоры Цимбал жолдас)
қамтуындағы колхоздардың бірде-бірі
кіріскен жоқ. МТС қамтуындағы колхоз-
дарда қар суын бөгеуге тіпті әзірлік те
жүргізілмей келеді.

Қар суын бөгеуге кірісті деген Прие-
шім МТС-нің өзінде істің барысы қана-
ғаттанарлық емес. Жоғарыда аталған
екі- үш колхозды қоспағанда бұл МТС-
тің қамтуындағы колхоздардың бірсыпы-
расы қар суын бөгеуге шындап кіріспе-
ген. Сондықтан МТС қамтуындағы
колхоздарда қар суын тоқтататын бөгет-
тер салу жөніндегі жоспар бескүндік
сайын орындамай келеді.

Енді көп ұзамай көктемгі дала жұмыста-
ры басталады. Қар да күрт ериді. Олай
болса, аудан, МТС және колхоз, совхоз
басшылары барлық күш- мүмкіншілікті
пайдаланып, егістік жерлер мен шабын-
дықтарға қар суын бөгеу жұмыстарын
ойдағыдай жүргізуге, сөйтіп, егістік
алаңның ылғалдылығын арттыруға же-
тісуге міндетті. Өйткені, егіннің барлық
көлемінен мол өнім алуда егістік жерге
қар суын бөгеудің үлкен маңызы бар.

Б. ЖУМАҒАЛИЕВ.

Приешім ауданы.

Қар суы мол тоқтатылады

Американ газеттері
редакторларының
И. В. СТАЛИН жолдасқа
Үндеуі

Батыс Еуропа мен Орта Шығыс елде-
рін аралап жүрген, Американың провин-
циялық газеттерінің бір топ редакторла-
ры 50 редактордың атынан ССРО Ми-
нистрлер Советінің председатели И. В.
Сталин жолдастан кәзіргі халықаралық
жағдай жайында төрт сұраққа жауап
беруді өтінді.

Мұндай өтініш жасаушылар — АҚШ-
тың 21 штатында, оның ішінде Кали-
форния, Техас, Канзас, Мичиган, Алаба-
ма, Луизиана, Пенсильвания, Теннеси,
Нью-Джерси, Миннесота, Огайо және
басқа штаттарда шығатын газеттердің
редакторлары.

И. В. Сталин жолдасқа жіберілген
өтінішке қол қойғандар: Джеймс Уик
(«Дейли Таймс», Найлс қаласы), Джон
Джонстон («Дейли Ньюс», Чикаго қала-
сы), Эвелина де Пентима («Бикон»,
Вичита қаласы), Хью Вайд («Хом Ньюс»,
Брансвик қаласы), Давид Хо («Фри
Пресс», Берлингтон қаласы), Филип
Миллер («Трибюн», Ройал Ок қаласы),
Ирэн Бекард («Трибюн», Хиббинг қала-
сы), Анна Элоиза (телевизиялық стан-
ция, Бирмингем қаласы), Элен Фармер
(«Дейли Ибериан», Нью-Ибериа қаласы),
Джон Коркоран (телевизиялық станция,
Филадельфия қаласы), Поль Джейкинс
(«Морнинг Пост», Эльсентро қаласы),
Элиот Тим (радио станциясы, Акрон қа-
ласы), Артур Хойлс («Ревью», Элаймс
қаласы), Рональд Видард (радио стан-
циясы, Дейтон қаласы), Рой Пинкертон
(«Джон Скриппс Ньюс Пейпер», Вентра
қаласы) және басқалары.

31 мартта И. В. Сталин жолдас аме-
рикан редакторлары тобының сұрақта-
рына өзінің жауабын жолдады.

(СОТА).

жок. Редакциялар мен баспахана аудандық тұтынушылар қоғамының үйінде бірнеше жылдан бері «пәтерде» отырып келеді. Ол мекемеге келгендер бізге, бізге келгендер оларға кіріп, сапырылысып жатады. Мұндай жағдайда редакция қызметкерлерінің творчестволық жұмыс істеуіне ешқандай мүмкіндік жоқ. Аудандық партия комитеті мен Совет атқомі бізге бұл жөнінде нақты көмек көрсетпей келеді.

Мұнымен қатар, ол аудандық комитеттің газетке басшылық жасауды айлық

нің меңгерушісі Байбатыров жолдас облыстық партия комитетінің, оның насихат және үгіт бөлімінің аудандық комитеттердің бірінші секретарьларынан газетке тікелей басшылық жасап отыруды қатты талап етіп отырғаны жақсы болар еді.

Принципті аударандық «За большевикские колхозы» газетінің жұмысында ойсыраған олқылықтар бар. Онда жарияланған көп мақалалар саяси мазмұны жағынан төмен дәрежеде жазылады, қателер жіберіледі. Өйткені, газеттің редакторы Васильев жолдас бірсыпыра уа-

сын арттыра беру үшін, алдымен, редакцияларды қызметкерлермен толықтыру, авторлар және ауыл-село тілшілері активімен жұмысты күшейту керектігін, партия комитеттері тарапынан өз газетіне басшылықтың жақсаруы қажеттігін атап көрсетті.

Бұдан соң семинар-кеңеске қатысқандар «Газеттің басмақаласы», «Газетте партия тұрмысы мәселелерін жазу», «Газетте ауыл шаруашылығы мәселелерін жазу», «Газеттің тілі және стилі» деген тақырыптарда методикалық баяндамалар тыңдалы.

Петропавл аудандық комсомол конференциясы

Петропавл аудандық VIII-комсомол конференциясында баяндамашы және жарыссөзге шығып сөз сөйлеуші делегаттар аудан комсомол ұйымы өзінің конференциясына ұйымдық жағынан нығайып, саяси шынығып келгенін, шаруашылық және саяси науқандарды шешуге партия ұйымдарына жауынгер көмекші болып, біраз табыстарға ие болғанын атап көрсетті. Көптеген комсомолецтер комбайншы, тракторшы, мал шаруашылығында және басқа осындай жұмыстың шешуші учасқотерінде жұмыс істеп жүр. Комсомолецтер колхоз кітапханаларын және мал фермаларында қызыл мүйістер ұйымдастырудың инициаторы болды.

Алайда, аудан комсомол ұйымының жұмысында, әсіресе, жастарға саяси тәрбие беруде елеулі кемшіліктер бар. Аудан комсомолецтерінің үштен бірі саяси оқудың ешбір түріне тартылмады. Саяси мектептердің көпшілігінде оқу программасын үлгеру ісі қанағаттанғысыз. Ал, екі саяси мектептің жұмысы мүлдем тоқтап қалды.

Ұйымдастыру жұмысында да кемшіліктер көп. Аудандық комитет бастауыш ұйымдарға жеткіліксіз басшылық жасайды. Бірсыпыра бастауыш комсомол ұйым-

дарында жыйналыс кезінде өткізілмеді, ұйым қатары алдыңғы қатарлы жастар есебінен өспеді.

Жамбыл жетіжылдық мектебі мен Фурманов атындағы колхоз комсомол ұйымдарының секретарьлары Козловская, Орлова жолдастар аудандық комсомол комитетін бастауыш комсомол ұйымдары секретарьларының семинарларын дұрыс ұйымдастырмайтындығы үшін сынады. Бастауыш ұйым секретарьларының семинары ұйымдастырылып, онда комсомол жұмысының практикалық мәселелері талқыланбайды. Кейбір селоларда колхоз, мектептерде мұғалімдер, оқушылар және МТС комсомол ұйымдары сыяқты 3-4 ұйым бар. Бұлардың әрқайсысының құрамы 4-5 адамнан аспайды. Егер бұл ұйымдарды қосып, ірілендірсе түрлі үйірмелерді, физкультура жұмыстарын ұйымдастыруға зор мүмкіншілік туған болар еді. Бірақ, не пайда аудандық комитет мұны ескермей келеді.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының комсомол ұйымынан келген делегат Лопатин жолдас конференцияға қатысушылардың назарын жастарды саяси мектептер мен агро-зоотехникалық үйір-

мелердің оқуына көптеп тартудың қажеттігіне аударды.

Жарыссөзде сөйлеушілердің басым көпшілігі ауыл-селолардағы мәдени-ағарту мәселесіне тоқталды. Село жастары колхозда жақсы клуб, кітапхана болуын талап етеді, сонымен бірге, жаңа кинофильмдерді көргілері келеді. Алайда, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы бұл талаптарға сай ұйымдастырылмай отыр. Димитров атындағы колхоз комсомол ұйымының секретары Васимова жолдас өткен күзді күні комсомолецтердің күшімен клуб үйінің жөнделіп, ағартылғанын, бірақ, колхоз басқармасы комсомолецтерді қуаттамағандығын, осының салдарынан қазір ешбір жұмыс жүргізілмей, клубтың жабық жатқанын айтты.

Делегат Огай жолдас мәдени-ағарту мекемелерінің аудандық бөлімінің меңгерушісі Афанасьев жолдасын оқу үйлері мен клубтардың және кітапханалардың жұмысына үстүрт басшылық жасайтындығын сынады.

Конференция аудан комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде нақты шаралар белгілеп, қаулы алды және аудандық комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлады.

Жұмысшылар мен қызметшілерді, инженер-техник қызметкерлерді мәдениетті қамту мақсатында Петропавлдың жылу-электр орталығы әйелдер Советінің инициативасы бойынша станция жанынан 150 кісілік орны бар жаңа қызыл мүйіс ашылды.

Әйелдер Советінің активі қызыл мүйісті ұрандармен, плакаттармен, суреттермен безендірді және көркемөнер дарындыларының үйірмесін ұйымдастырды.

Қазір мұнда қатарында 30 адамы бар хор үйірмесі, көркем сөз оқу және дра-

ма үйірмелері жұмыс үйірмелерінің мүшелері 8 мартта концерт коллективі азық-түлі

ларының кемітілуіне ден кейін екінші концерт Көзір драма үйірмесі «Шындық туралы әңгір новканы қоюға әзірлен концерт тобы 1-Май күр ру үшін дайындалуда.

Қаланы үнемі тазала

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Советі атқару комитеті Қазақ ССР Министрлер Советінің 1949 жылғы 19 ноябрьдегі «Қазақ ССР-нің қалаларын үнемі тазалап тұру жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес, қалалық Советтің атқару комитеті етті:

1. Қалалық коммуналдық шаруашылықтың, кәсіпорындары мен мекемелердің, ұйымдардың басшылары және үй иемденушілер мыналарға міндеттелсін:

а) алаңдарды, қораларды, тротуарларды, жыраларды, киюеттерді, көше арқылы салынған көпірлердің астын, дәретханаларды, жуынды төгілетін орларды қардан, сыпырындыдан және көң-қоқырдан тазалау үнемі жүргізіліп отырылсын және олар таза ұсталсын;

б) әрбір кәсіпорнының, ұйымның, мекеменің, қалалық тұрғын үй басқармасының барлық үйлерінің, жеке азаматтардың қарамағындағы үйлердің жанынан дәретханалар, жуынды төгітетін орлар, қалалық коммуналдық шаруашылықпен және мемлекеттік тазалық сақтау инспекциясымен келісілген үлгі бойынша сыпырынды салатын жәшіктер салынып, ал, ондайлар бұрыннан бар жерде олар жөнделсін;

в) әрбір кәсіпорнының, ұйымның, мекеменің, қалалық тұрғын үй басқармасының барлық үйлері, жеке азаматтардың қарамағындағы үйлердің жанындағы көше арқылы өтетін көпірлер, дуалдар және қақпалар салынсын, ал, ондайлар бұрыннан бар жерде жөнделсін;

г) әрбір кәсіпорны, ұйым мен мекемелер жанынан қалалық коммуналдық шаруашылық бөлімі тағайындаған үлгі бойынша сыпырынды салатын урна салынсын.

2. Сыпырындылар мен көң-қоқыр мына жерлерге төгілетін болсын:

а) қаланың солтүстік-шығыс жақ бөлегінде — Папанин көшесімен тура шыққанда Орталық электр станциясынан 2 километр жерге;

б) қаланың шығыс жақ бөлегінде — Буденный көшесімен сол жаққа қарай елді жерден 2 километр жерде;

в) қаланың оңтүстік-шығыс жақ бөлегінде — жұмысшы поселкесінің ар жағында, аэропорттың оңтүстік шығыс жағына қарай 2 километр жерге.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33.2, корректорлар бюросы — 4-39 Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілім